



БҮІРҮҚ

11.06.2025 № 41-НҚ
Astana qalasy

ПРИКАЗ

город Астана

«Астана-Энергия» АҚ-ның бәсекелестік кірме жолы болмаған жағдайда жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметіне тарифті және тарифтік сметаны бекіту туралы

«Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабының 10) тармақшасына, 20-бабы 1-тармағының 4) тармақшасына сәйкес,
БҮЙЫРАМЫН:

1. 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілумен "Астана-Энергия" АҚ-ның бәсекелестік кірме жолы болмаған жағдайда жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметіне:

- тариф осы бұйрыққа 1 - қосымшаға сәйкес бекітілсін;
- тарифтік смета осы бұйрыққа 2 - қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Астана қаласы бойынша департаментінің табиғи монополияларды және бағаларды реттеу бөлімі осы бұйрықтың көшірмесін «Астана-Энергия» АҚ-на жіберілсін.

3. «Астана-Энергия» АҚ-ның тарифтің өзгергені туралы ақпаратты тұтынушылардың назарына қолданысқа енгізілгенге дейін күнтізбелік бес күннен кешіктірмей жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитеті Астана қаласы бойынша департаменті басшысының орынбасарына жүктелсін.

5. Осы бұйрық 2025 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін бұйрықтың 1 – тармағын қоспағанда қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Басшы

Ж. Салимов



Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика
министрлігі Табиғи монополияларды реттеу
комитетінің Астана қаласы бойынша
департаментінің 2025 жылғы «11»
маусым №41-НҚ бұйрығына
№ 1 қосымша

**«Астана-Энергия» АҚ-ның бәсекелестік кірме жолы болмаған жағдайда
жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру жөніндегі реттеліп
көрсетілетін қызметтердің тарифі мен тарифтік сметасын бекіту туралы**

Реттелетін қызмет түрі	Өлшем бірлігі	Тариф, теңге ҚҚС-сыз
Бәсекелестік кірме жолы болмаған жағдайда жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды беру	Вагон/км	197,32



Қазақстан Республикасы Ұлттық
экономика министрлігі Табиғи
монополияларды реттеу комитетінің
Астана қаласы бойынша департаментінің
2025 жылғы «11» маусым № 41-12 НК
бұйрығына 2-қосымша

Субъектінің атауы: «Астана-Энергия» АҚ

**Бәсекелестік кірме жолы болмаған жағдайда жылжымалы құрамның өтуі үшін кірме жолды ұсыну
жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметтердің тарифі мен тарифтік смета**

№ п/п	Көрсеткіштердің атауы	Өлшеу бірлігі	Өкілетті органмен қабылданды
1	Тауарларды өндіруге және қызметтерді көрсетуге кеткен шығындар, оның ішінде барлығы	мың теңге	216,006
2	Материалдық шығындар, жалпы, соның ішінде:	мың теңге	0,162
2.1	шикізат және материалдар	мың теңге	0,162
3	Еңбекақы төлеу шығындары, барлығы	мың теңге	89,131
3.1	жалақы	мың теңге	79,1
3.2	әлеуметтік салық	мың теңге	7,658
	ЖЖМ	мың теңге	2,373
3.4	Ремонт, всего	мың теңге	119,808
3.5	негізгі құралдардың құны ұлғайтуға алып келмейтін күрделі жөндеу	мың теңге	119,808
4	Жөндеу барлығы	мың теңге	1,905
4.6	күзет қызметтері	мың теңге	1,905
5	еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы	мың теңге	5
II	оның ішінде:	мың теңге	8,744
6	Шығындардың барлығы	мың теңге	8,744
7.3	Салық	мың теңге	8,744
III	Жалпы шығындар	мың теңге	224,75
IV	Пайда	мың теңге	
V	Кірістердің, барлығы	мың теңге	224,75
VI	Көрсетілетін қызметтердің көлемі	вагон/км	1 139,01
VIII	Тариф (ҚҚС-сыз)	теңге/вагон*км	197,32

